

**6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациясына**

### **Пікір**

Тарихымыздың ұлттық мүдде мен еліміздің ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз үдерісі, өткені мен бүгіннің сабақтасып, астасып халық жадында жаңаруы тұрғысынан қарастыруды бүгінгі ғылым талап етеді. Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы жағдайында қазіргі уақытта мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік дамуы өзгеріске ұшырауымен қатар, білім мен ғылым саласы да елеулі өзгерістерге ұшырап жатыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтседе, қазақ халқы мен елінің қалыптасқан тарихы ғасырлар шежіресімен терең жалғасып жатқаны ақиқат.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу батыл қолға алынды. Мемлекет тарапынан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, мұрағат қорларындағы белгісіз тарихи мұраларымызды зерделеудің тұтастай жүйесін құру жөнінде шаралар іске асырыла бастады. Бұл өз кезегінде тарихшыларды қоғамның тарихи дамуын терең бағалауға кірісуді, жаңа тұжырымдамаларды жазуды міндеттейді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Докторант архив құжаттарын жіктеп, тарихнамалық материалдарды да бірнеше топқа бөліп, сараптаған.

Докторант тарихи фактілерге негізделген ойларды өз жұмысында тұжырымдап, мазмұнды баяндаған. Еңбекте еліміздегі экономикалық саясаттың дамуына байланысты қабылданған ресми деректерге сүйене отырып, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық саласында қалам тартып зерттеген тарихшы ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, жаңа көзқараста баға берілген. Кейінгі тәуелсіздік кезеңде жарық көрген зерттеу еңбектері, өткенді теориялық тұрғыдан талдауда кеңінен пайдаланылды. Ел экономикасының өткені бүгінгі күн көзімен талданып, кезінде жүргізілген реформалар барысына кеңінен талдау жасалып, практикалық ұсыныстар айтылған.

Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік – экономикалық даму тарихы мен оқыту әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы 6D011400 «Тарих» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін алынған диссертациялық жұмысы өзінің ғылыми – зерттеу бағыты және мазмұнына толықтай сәйкес келеді.

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты



Сайлаубаева Н.Е.